

ОБ АВТОРАХ

Набиева Акбаян Мухтаровна – экономика ғылымдарының магистрі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті докторанты; akbayanmn@gmail.com. ORCID ID: 0009-0001-6756-7453*

Сапарбаева Сауле Саулебаевна – экономика ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қауымдастырылған профессоры, saulet71@mail.ru. ORCID ID: 0000-0003-1686-5052

MPНТИ 06.71.02

JEL Classification: F21, Q32, Q35, L71.

DOI: <https://doi.org/10.52821/2789-4401-2025-3-179-191>

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ МҰНАЙ-ГАЗ СЕКТОРЫНДАҒЫ ШЕТЕЛДІК
ИНВЕСТИЦИЯЛАР САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ:
ТИІМДІЛІГІ ЖӘНЕ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ**

С. С. Ыдырыс¹, Ш. А. Жұмаділла^{2*}, Г. Р. Момбекова²

¹Халықаралық туризм және меймандостық университеті,
Түркістан, Қазақстан

²Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан, Қазақстан

АНДАТПА

Зерттеудің мақсаты – Қазақстан Республикасының мұнай-газ саласындағы инвестициялық саясатын бағалау және шетелдік инвестициялар тартудың қазіргі жағдайын талдау. Зерттеудің негізгі мақсаты – мұнай-газ саласындағы шетелдік инвестициялар тарту жөніндегі мемлекеттік саясатты бағалау және осы салаға инвестициялар тарту процесіне әсер ететін негізгі факторларды анықтау.

Зерттеу әдіснамасы – Зерттеу барысында Қазақстанның мұнай-газ саласына шетелдік инвестиция тарту тәжірибесіне экономикалық және институционалдық тұрғыда талдау жүргізілді. 2010–2023 жылдар аралығындағы ресми статистикалық деректер ҚР Ұлттық статистика бюросының мәліметтері мен зерттеу есептері пайдаланылды. Талдау шеңберінде Қазақстанға ең көп инвестиция салған елдер – Нидерланд, Ресей, Швейцария және басқа да мемлекеттер арасындағы инвестициялық ағындар салыстырылды. Сонымен қатар, ұлттық заңнамалық база мен мемлекеттік реттеу тетіктері зерделеніп, олардың шетелдік инвестицияларға әсері қарастырылды. Зерттеу нәтижесінде мұнай-газ саласындағы шетелдік инвестицияларды тиімді басқаруға бағытталған нақты ұсыныстар әзірленді.

Зерттеудің өзіндік ерекшелігі/құндылығы – Зерттеу барысында Қазақстанның мұнай-газ саласына тартылған шетелдік инвестициялардың ағымдағы жағдайын бағалау, олардың өзгеру тенденцияларын анықтау және Қазақстан экономикасының стратегиялық маңызды саласына шетелдік капиталдың әсерін талдау жүргізілді. Мақалада 2019–2023 жылдар аралығындағы шетелдік инвестициялардың нақты динамикасы талданып, Қазақстанның мұнай-газ секторындағы инвестициялық саясаттың құрылымы мен трансформация үдерісіне баға берілді. Қазақстанға инвестиция салатын басты мемлекеттер – АҚШ, Қытай, Нидерланд, Оңтүстік Корея және Бельгияның экономикалық ықпалы сипатталды.

Зерттеу нәтижелері – Шетелдік инвестициялар ағынын тұрақтандыру мен әртараптандыру мақсатында институционалдық реформаларды жетілдіру, мұнай-химия және қайта өңдеу секторларына бағытталған инвестициялық ынталандыру шараларын әзірлеу үшін қолданылуы мүмкін. Қазақстанда мұнай-газ саласына тартылатын шетелдік инвестициялар көлемінің салыстырмалы тұрақтылығына қарамастан, соңғы жылдары төмендеу үрдісі байқалып отыр. Бұл үрдіс жаһандық нарықтағы өзгерістер

мен инвестициялық ортаның күрделенуімен байланысты. Мақалада осы тенденцияларды еңсеруге арналған нақты ұсыныстар ұсынылған.

Түйін сөздер: Қазақстан, мұнай-газ саласы, шетелдік инвестициялар, экономикалық даму, энергетикалық қауіпсіздік, мемлекеттік саясат.

КІРІСПЕ

Қазақстанның мұнай-газ саласы ел экономикасының маңызды стратегиялық салаларының бірі болып табылады. Жасалатын инвестициялардың басым бөлігі мұнай-газ секторы, тау-кен өнеркәсібі мен аграрлық секторға бағытталған. Еліміздің табиғи ресурстарға бай болуы және географиялық қолайлы аймақта орналасу факторлары осы саладағы ірі өндірушілердің бірі етті. Бұл саланы мемлекеттік қолдаудың арқасында Орталық Азиядағы ірі өндірушіге айналды. Қазақстандағы мұнай-газ өнеркәсібі жалпы ішкі өнімнің, шетелдік кірістердің және шетелдік инвестицияның басым бөлігін құрайды. Қазақстанда шетелдік инвестициялар негізінен мұнай-газ және тау-кен өнеркәсібіне бағытталып отырғаны байқалады.

Нәжік. Р [1] зерттеуінде 2014–2018 жылдар аралығында шетелдік тікелей инвестициялардың (ШТИ) құрылымы талданып, мұнай-газ секторының ең көп инвестиция тартатын сала екені дәлелденген. Бұл тенденция саладағы жоғары инвестициялық тартымдылықты көрсетеді. Сонымен қатар, Оразғалиев. С және Ахметжанов. С [2] еңбегінде мұнай-газ саласындағы мемлекеттік реттеу мен трансұлттық компаниялардың ықпалы арасындағы тепе-теңдік мәселесі қарастырылған. Авторлар шетелдік инвестицияны бақылауда ұстау үшін мемлекеттің заңнамалық реформалар мен үлестік қатысу үлесін арттыруға тырысып жатқанын айтады. Алайда, мұндай инвестициялық құрылым ұзақ мерзімді даму үшін жеткіліксіз болуы мүмкін. Демеуов. Н және Есдәулетова. А [3] өз зерттеулерінде шетелдік инвестициялардың шамадан тыс мұнай-газ саласына шоғырлануы экономиканың әртараптануына кедергі келтіретінін алға тартады. Олар инвестициялық саясаттың басты бағыты ретінде өңдеуші өнеркәсіпке капитал тартуды және заңнамалық тұрақтылықты ұсынады.

Темірбаев.Б және авторлар ұжымы [4] пандемия кезеңіндегі шетелдік инвестициялар ағымына талдау жасап, институционалдық реформалар мен халықаралық тәжірибелерді енгізудің өзектілігін атап өтеді. Бұл зерттеу шетелдік капитал ағынына сыртқы факторлардың әсерін көрсетеді және инвестициялық саясатты жетілдірудің қажеттігін дәлелдейді.

Жоғарыда аталған зерттеулер Қазақстан мұнай-газ секторындағы шетелдік инвестиция тарту үдерісінің келесі маңызды аспектілерін айқындайды:

- шетелдік капиталдың салааралық теңгерімсіздігі;
- ұлттық мүдде мен халықаралық компаниялар арасындағы тепе-теңдікті сақтау қажеттілігі;
- инвестицияларды әртараптандыру мен заңнамалық ортаны тұрақтандыру қажеттілігі.

Осыған орай, зерттеудің мақсаты – Қазақстандағы мұнай-газ саласына шетелдік инвестицияларды тарту жөніндегі мемлекеттік саясаттың тиімділігін бағалау, басты кедергілерді анықтау және болашаққа арналған даму перспективаларын негіздеу болып табылады. Аталмыш мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер қойылды:

Қазақстандағы мұнай-газ секторындағы шетелдік инвестицияның маңыздылығын талдау;

Шетелдік инвестицияларды тартуға кедергі келтіретін факторларды анықтау;

Озық халықаралық тәжірибені зерделеп, оны Қазақстан жағдайында бейімдеу мүмкіндіктерін қарастыру;

Мұнай-газ секторына инвестициялық климатты жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу нәтижелері Қазақстанның мұнай-газ саласындағы шетелдік инвестицияларды тарту тетіктерін институционалдық, экономикалық және құқықтық аспектілерде кешенді түрде талдау негізінде ұлттық инвестициялық саясаттың тиімділігін арттыруға бағытталған әдістемелік негіз ұсынады. Бұл зерттеу шетелдік инвестициялар мен мемлекеттік реттеу арасындағы өзара байланысты анықтай отырып, тұрақты даму стратегиясын қалыптастыруға теориялық негіз береді және мұнай-газ секторын дамытудағы жаңа мүмкіндіктерді айқындауға ықпал ететін стратегиялық ұсыныстар әзірлеумен ерекшеленеді.

ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ БӨЛІМІ

Зерттеуде отандық және шетелдік авторлардың ғылыми жұмыстарына талдау жүргізе отырып, еліміздегі мұнай-газ саласын реттеуге бағытталған бірқатар заңдар зерделенді.

Бүгінгі таңда инвестициялардың көптеп тартылуы экономикамыздың тұрақты дамуы үшін өте маңызды рөл атқарады. Мұнай-газ саласындағы инвестициялық ахуалды жақсарту үшін мемлекеттік меншікті басқару мен тиімді қызмет етуін қамтамасыз ететін мемлекеттік реттеу жүйесі қажет. Сондықтан біз қарастырған әдебиеттік шолуда, шетелдік инвесторларды тарту үшін мемлекет қабылдаған шешімдері қарастырылады.

Gawad.A және басқалар [5] зерттеулерінде әлемнің 7 аймағынан 17 дамыған және дамушы елдердегі мұнай-газ өнеркәсібі мен шетелдік инвестициялардың өзара байланысын қарастырады. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес шетелдік инвестиция мен шикі мұнай өндіру арасындағы байланыс 14 елде орташа нәтижені көрсетіп, БАӘ мен Қытайға оң әсер еткен. Авторлар Ұлыбритания, Франция және Норвегия сияқты дамыған елдерде мұнай-газ өндіруде теріс әсерін байқаған.

Pongsiri.N [6] өз зерттеуінде шетелдік инвестицияның мұнай-газ өндірісіндегін жағымды әсерін көрсетеді. Бұл ретте шетелдік инвестицияны қабылдаушы елдер мұнай барлау жұмыстары инвесторларға қолайлы нормативтік-құқық актілер мен шетелдік инвесторлардың тәуекелділігін азайту үшін тиісті шараларды қолдануын қажет етеді.

Досқалиева Б.Б., Орынбасарова Ю. Д., Карибаев Ю. С және басқалар [7] зерттеулерінде өнеркәсіптік-инновациялық бағыттағы инвестицияларды тартудың қазіргі жай күйіне тоқталады. Қазақстандағы мұнай-газ секторын инвестициялық тиімді басқару отандық өнеркәсіп саласындағы жобаларда табысты нәтижелерге жетудің негізгі факторы деп есептейді.

Амангельдинова М.К., Сапарова Б.С., Шаяхметова Л. М. [8] зерттеулерінде Қазақстанның инвестициялық саясатының инновациялық әлеуетті арттырудағы маңызды рөлі анықталған. Зерттеу нәтижелері мемлекеттік стратегияларды жетілдіруге, инвесторларды тартуға және экономиканы әртараптандыруға бағытталған нақты ұсыныстарды қамтиды. Инвестициялық қызметті кешенді басқару Қазақстанның халықаралық нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ететінін көрсетеді.

Отарбаева А.Б. пен Арупов А.А. [9] зерттеуінде мұнай-газ саласындағы шетелдік инвестициялардың Қазақстан экономикасына қосқан үлесі жоғары екені анықтады. Дегенмен, шетелдік инвесторлардың басым болуы ұлттық экономиканың тәуелділігін арттырады. Осыған байланысты, Қазақстан үшін экономиканы әртараптандыру және инвестициялық саясатты жетілдіру маңыздылығына тоқталған.

Ahmadi.M, Manera.M, Sadeghzadeh.M [10] зерттеулерінде инвестициялардың опциондық теориясы жоғары белгісіздіктің қайтарымды және қайтарымсыз инвестицияларға әртүрлі әсер етуі мүмкін екенін болжайды. Дәстүрлі көзқарас бойынша, белгісіздік артқан жағдайда қайтарымсыз инвестициялар қысқаруы тиіс, себебі компаниялар капитал салымдарын кейінге қалдыру арқылы тәуекелден аулақ болуға тырысады. Алайда, қайтарымды инвестициялар үшін кері әсер етуі мүмкін. Бұл зерттеуде америкалық мұнай-газ компанияларының инвестициялары мен мұнай бағасының белгісіздігі арасындағы байланысты талдаудың жаңа тәсілі қолданылады. Мұнай бағасының құбылмалылығы құрылымдық күйзелістерді (мысалы, жаһандық сұраныстың өзгерістері) ескере отырып бөлшектеледі. Сонымен қатар, қор нарығындағы белгісіздіктің мұнай-газ компанияларының капитал салымдарына әсері зерттеледі. Зерттеу нәтижесінде жаһандық сұраныс күйзелісінің инвестицияларға кері әсері мен қайтарымды және қайтарымсыз инвестицияларға белгісіздіктің әртүрлі әсері көрсетіледі.

Bogmans.Ch, Pescatori.A, Prifti.E [11] зерттеулерінде 2015-2019 жылдар аралығында климаттық саясаттың және оның белгісіздігінің жаһандық мұнай-газ компанияларының инвестициялық шешімдеріне әсерін бағалайды. Зерттеу компаниялар деңгейінде климаттық саясаттың әсерін өлшеу үшін мәтіндік индикаторларды пайдаланды. Бұл тәсіл корпоративтік есептердегі және ресми мәлімдемелердегі климаттық саясатқа қатысты ақпаратты талдауға негізделген. Зерттеу 2015-2019 жылдар аралығында жария түрде тіркелген мұнай-газ компанияларының инвестицияларын салыстыру арқылы жүргізілді. Зерттеу нәтижесінде климаттық саясат инвестицияларды айтарлықтай қысқартқан климаттық саясаттың күшеюі 2015-2019 жылдар аралығында жаһандық деңгейде мұнай-газ саласындағы инвестициялардың 6,5%-ға төмендеуіне алып келді. Климаттық саясаттың белгісіздігі де

инвестицияларға кері әсер еткен. Климаттық саясаттың нақты ережелері мен талаптарының белгісіздігі компанияларды инвестицияларды кейінге қалдыруға итермеледі.

Stephen.B мен John Van.R [12] зерттеулерінде инвестиция мен жұмыспен қамту мәселелерін талдайды. Ғалымдар фирмалар мен зауыттардың нақты деректерін пайдаланып, олардың инвестициялық шешімдеріне қандай факторлар әсер ететінін зерттеген. Негізгі зерттеу тақырыптары: Фирмалар қалай инвестиция жасайды және жаңа жұмыс орындарын ашады? Инвестицияға қаржылық жағдай мен белгісіздік қалай әсер етеді? және Ғылыми-зерттеу және жаңа технологияларға салынған инвестициялар қаншалықты пайдалы? жөнінде қамтылды. Зерттеу қорытындыларына сәйкес белгісіздік жоғары болса, компаниялар инвестиция жасауды кейінге қалдыру, қаржыландыру қиын болса, фирмалар инвестицияны қысқартатындығы және жаңа технологиялар көбінесе білікті жұмысшыларға қажет, ал біліксіз жұмысшылардың орнына машиналар пайдаланылуы мүмкіндігі талданады. Зерттеу нәтижесі инвестиция мен жұмыспен қамтуға әсер ететін негізгі факторларды анықтауға көмектескен. Қаржы ресурстары, белгісіздік, технология және нарықтық жағдайлар фирмалардың шешімдеріне тікелей ықпал етеді.

Қазақстан Республикасына инвестиция тарту процесін жеделдету үшін тиісті нормативтік-құқықтық актілерді қабылдау қажет болды. Инвестициялық қызметті реттейтін алғашқы нормативтік-құқықтық актілердің бірі – Қазақстан Республикасының №266-ХІІІ «Шетелдік инвестициялар туралы» заңы болды, оны 1994 жылғы 27 желтоқсанда ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев қол қойып бекітті. 1995 жылғы 28 маусымда ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Мұнай туралы» ҚР №2350 Жарлығын қабылдады, ол заңдық күшке ие болды және оның негізгі мақсаты – республикадағы мұнай-газ ресурстарын игеруге шетелдік инвестицияларды тартуды ынталандыру болды. 1996 жылғы 27 қаңтарда ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» №2828 заңын қабылдады. Бұл заң Қазақстан Республикасының мүдделерін және оның табиғи ресурстарын қорғау, жер қойнауын ұтымды пайдалану мен қорғау, жер қойнауын пайдаланушылардың құқықтарын қорғау, барлық шаруашылық жүргізу нысандарының тең құқықты дамуы үшін жағдай жасау және жер қойнауын пайдалану саласындағы заңдылықты нығайту мақсатында жер қойнауын пайдалану саласындағы операцияларды реттеді. 1996 жылғы қарашада Қазақстан Президентінің Жарлығымен Мемлекеттік инвестициялар комитеті құрылды. 1997 жылғы ақпанда Қазақстан Республикасының «Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы» заңы қабылданды. 1998 жылғы маусымда Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесі құрылды, оның негізгі мақсаты – елде жұмыс істейтін инвесторлармен тікелей диалог жүргізу және олардың инвестициялық қызметіне байланысты проблемалық мәселелерді жедел шешу болды [13].

ЗЕРТТЕУДІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Қазақстан – әлемдегі ең ірі мұнай-газ қорларына ие елдердің бірі, әрі бұл сала ел экономикасының басты драйверлерінің бірі болып табылады. Елдің ЖІӨ-нің айтарлықтай бөлігі мұнай-газ экспортымен тікелей байланысты. Тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстан бұл секторды дамыту үшін шетелдік капиталды тартуға басымдық беріп, ауқымды инвестицияларды жүзеге асырды. Қазақстан экономикасының қарқынды дамуына шетелдік инвестициялар айтарлықтай ықпал етті. Мұнай-газ саласына құйылған ауқымды қаржы жаңа кен орындарын зерттеп, игеруге, қолданыстағы инфрақұрылымды жетілдіру мен өндіріс қуатын арттыруға мүмкіндік берді.

Жаһандық экономикадағы мұнай-газ саласының дамуы көптеген халықаралық ұйымдардың күткенінен жоғары болды, дегенмен көптеген елдер үшін әлсіз экономикалық қалпына келу өзекті мәселе болып қалды, ал әлемдік энергия тұтынуы баяу қарқынмен өсуін жалғастырды. Геосаяси қақтығыстардың жиілеуі энергиямен қамтамасыз етуде қиындықтар туындатты, мұнай бағасы айтарлықтай өзгерістерге ұшырады, ал жаһандық газ нарығы тұрақсыз күйінде қалды. Энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қажеттілігі көмірсутекті барлау және өндіруге салынатын инвестициялардың артуына ықпал етті, бұл үрдіс 2022 жылмен ұқсас болды. Осы жағдайлардың әсерінен мұнай-газ өндірісі мен қорлары жаңа жобалардың іске қосылуымен бірге өсуін жалғастырды. Құрлықтағы дәстүрлі мұнай-газ қорлары қосымша мұнай-газ қорының негізгі бөлігін құрады, ал дәстүрлі емес мұнай-газ өндірісі әлемдік мұнай-газ өндірісінің артуына серпін берді. Сонымен қатар, теңіздегі мұнай-газ қоры мен өндірісі жоғары қарқынмен ұлғайды [14].

Халықаралық мұнай-газ компаниялары Қазақстанға заманауи технологиялар мен тиімді басқару модельдерін әкелді. Chevron, ExxonMobil, Shell, Total секілді трансұлттық корпорациялардың келуі геологиялық барлау саласын дамыту, мұнай өндіру үдерістерін оңтайландыру мен экологиялық стандарттарды жетілдіру бағыттарында маңызды жаңалықтар енгізді. Қазақстан – әлемдегі мұнай өндіруші ең ірі он елдің бірі, және оның энергетикалық секторы ел экономикасының басты тірегі болып табылады. Соңғы жылдары Қазақстан үкіметі шетелдік мұнай компанияларына келісімшарттық талаптарды қайта қарастыруды талап етіп, саладағы мемлекеттік бақылауды күшейтуге бағытталған қадамдар жасауда. Бұл саясат даулар мен келісімдерге алып келді, нәтижесінде халықаралық компаниялар мұнай кен орындарындағы үлестерін қайта қарауға мәжбүр болды.

Қазақстанның энергетикалық инфрақұрылымы бірнеше ірі мұнай кен орындары мен құбыр жүйелерінен тұрады. 2000-жылдардың соңынан бастап, бұл секторда орын алған басты оқиғалар мен өзгерістерге тоқталайық. 2000 жылы ашылған Қашаған кен орны – соңғы онжылдықтардағы әлемдегі ең ірі және ең қымбат мұнай кен орындарының бірі. Өндіру жұмыстары 2013 жылы басталды. 2024 жылы бұл кен орнында тәулігіне 378 500 баррель мұнай өндірілді, бұл бастапқыда күтілген 400 000 баррельден төмен көрсеткіш. Алдағы жоспар бойынша, өндіріс көлемін 450 000 баррельге дейін арттыру көзделген.

Қазақстанның солтүстік-батысында орналасқан Қарашығанақ газ-конденсат кен орны 1979 жылы ашылып, 280 шаршы шақырымды қамтиды. Бұл кен орны 1984 жылы өндірісін бастады және қазір елдегі ең ірі газ қоры бар аймақтардың бірі болып табылады. 2024 жылы Қарашығанақтағы мұнай өндірісі тәулігіне 263 000 баррельге жетті.

Теңіз – Қазақстандағы ең ірі мұнай кен орны, әрі әлемдегі ең терең мұнай кен орындарының бірі. Бұл кен орны 1979 жылы ашылған және оның өңделуі Chevron жетекшілік ететін "Теңізшевройл" консорциумы арқылы жүзеге асады. 2024 жылы Теңіз кен орнында тәулігіне 606 000 баррель мұнай өндірілді. Қазақстанда өндірілетін мұнайдың 80%-дан астамы Каспий құбыр консорциумы арқылы экспортталады. Бұл құбыр 935 миль (1 500 км) ұзындықта созылып, Теңіз, Қарашығанақ және басқа да кен орындарын Ресейдің Южная Озерейка портымен байланыстырады [15]. Қазақстандағы жетекші үш кен орнындағы компаниялар үлесі 1-кестеде көрсетілген.


Кесте 1– Кен орындарындағы компаниялардың үлес мөлшері (%) 2023ж

№	Компаниялар	Қашаған	Қарашығанақ	Теңіз
1	Eni	16.81	29.25	0
2	Shell	16.81	29.25	0
3	TotalEnergies	16.81	0	0
4	ExxonMobil	16.81	0	25
5	ҚазМұнайГаз	16.88	10	20
6	Inpex	7.56	0	0
7	CNPC	8.33	0	0
8	Chevron	0	18	50
9	Lukoil	0	13.5	5
Ескерту - [15] дереккөз негізінде авторлармен құрастырған				

Жоғарыда 1-ші кестеден көргеніміздей, Қашаған кен орнындағы негізгі үлес Eni, Shell, Total Energies, Exxon Mobil, ҚазМұнайГаз, Inpex және CNPC сияқты ірі энергетикалық компаниялар арасында

бөлінген. Eni, Shell, Total Energies, Exxon Mobil – бұл компаниялар жобаны басқаруда негізгі шешім қабылдаушы, ең ірі үлес иелері (16.81%) болып табылады. ҚазМұнайГаздың үлесі 16.88% құрайды, бұл Қазақстанның жобадағы стратегиялық қатысуын қамтамасыз етеді. Inpex (7.56%) және CNPC (8.33%) – бұл компаниялар жобада аз үлеске ие болғанымен, аймақтағы ықпалын сақтап қалу үшін инвестиция салуды жалғастыруда. Қашаған кен орнының маңыздылығы оның теңіздегі күрделі өндіріс инфрақұрылымына байланысты жоғары. Жоба аясында экологиялық талаптар мен өндірістік қауіпсіздік мәселелері басты назарда тұр. Сонымен қатар, жоғары технологиялар мен инвестицияларсыз кен орнын толықтай игеру мүмкін емес. Eni (29.25%), Shell (29.25%), Chevron (18%), Lukoil (13.5%) және ҚазМұнайГаз (10%) компаниялары Қарашығанақ кен орнының негізгі ірі ойыншылары ретінде қатысады. Eni мен Shell (әрқайсысы 29.25%) – бұл компаниялар кен орнын игерудің негізгі үйлестірушілері болса, Chevron (18%) әлемдегі ең ірі мұнай компанияларының бірі ретінде Қарашығанақтың стратегиялық серіктесі болып табылады. Lukoil (13.5%) ресейлік компания газ өндірісін арттыруға мүдделі және өңірдегі инфрақұрылымға үлкен үлес қосып отыр. ҚазМұнайГаздың үлесі 10% болғанымен, бұл мемлекет үшін маңызды ресурс болып табылады және Қазақстандық кадрлар мен инфрақұрылымды дамытуға тікелей әсер етеді. Chevron (50%) Теңіз кен орнындағы ең ірі инвестор және жоба жетекшісі. ExxonMobil (25%) - бұл америкалық компания жобаның ірі үлескері. ҚазМұнайГаз (20%) үлесі Қазақстанның Теңіздегі мүдделерін сақтауға мүмкіндік берсе, Lukoil (5%) ресейлік компания мұнайды қайта өңдеу және тасымалдау процестеріне қатысады. Бүгінде салада 1300-ден астам кәсіпорында 220 мыңға жуық адам жұмыс істейді. Жалпы ішкі өнім құрылымында мұнай-газ саласының үлесі 16%-ды құрап, мемлекеттік бюджетке түсетін түсімдердің 28%-дан астамын және экономикаға салынатын инвестициялардың 15%-дан көбін қамтамасыз етеді.

Қазақстанның Азия аймағындағы стратегиялық орны, табиғи ресурстардың бай қоры және жоғары білікті жұмыс күші шетелдік тікелей инвестицияларды тартуда шешуші факторлардың бірі болды. 2019 жылдан 2023 жыл аралығында ел экономикасына шамамен 71,4 миллиард доллар көлемінде тікелей шетелдік инвестиция құйылды. Соның ішінде тікелей мұнай-газ саласына тартылған инвестициялар көлемі 31,1 миллиард долларды құрайды. Бүгінде Қазақстанда шетелдік капиталдың қатысуымен 20 мыңнан астам кәсіпорын қызмет атқарады. Шетелдік тікелей инвестициялар негізінен бірлескен кәсіпорындар құру, еншілес компаниялар ашу, мемлекеттік активтерді жекешелендіру, ірі өндіріс орындары мен инвестициялық банктерді шетелдік инвесторлардың басқаруына беру жолдары арқылы жүзеге асырылуда. 1-ші суретте Қазақстанға келіп түсетін тікелей шетелдік инвестициялардың (ТШИ) жалпы көлемі мен оның ішінде мұнай-газ секторының үлесі көрсетілген.



1-сурет. Қазақстанға тікелей шетелдік инвестициялардың (ТШИ) жалпы ағыны және мұнай-газ секторының үлесі (2019–2023 жж.)


Ескерту - [16-17] дереккөз негізінде авторлармен құрастырған

Жоғарыда көрсетілген деректерге сай, Қазақстан экономикасына тікелей шетелдік инвестициялардың түсу үрдісін талдау 2019–2023 жылдар аралығында әртүрлі бағытта өзгергенін байқауға болады. Диаграммада жалпы инвестициялар көлемі (көк түспен), мұнай-газ секторына тартылған ТШИ және осы сектордың жалпы инвестициядағы үлесі бейнеленген.

2019 жылы Қазақстанға тартылған жалпы шетелдік инвестиция көлемі 24,4 миллиард АҚШ долларын құраса, 2020 жылы бұл көрсеткіш 17,2 миллиард долларға дейін төмендеді. Бұл құлдырау жандық пандемияның экономикалық әсерімен байланысты болуы мүмкін. 2021 жылы инвестициялық жағдай жақсарып, жалпы ТШИ көлемі 24 миллиард долларға дейін өсті. 2022 жылы ең жоғары деңгейге жетіп, 28 миллиард доллар шамасында болды, алайда 2023 жылы бұл көрсеткіш қайтадан аздап төмендеді.

Мұнай-газ секторы дәстүрлі түрде Қазақстан экономикасына шетелдік инвестициялардың маңызды бағыты болып табылады. 2019 жылы бұл секторға шамамен 12,2 миллиард доллар тартылса, 2020 жылы көрсеткіш екі есеге жуық қысқарып, 6,5 миллиард доллар шамасында болды. Кейінгі жылдары секторға бағытталған инвестициялар біртіндеп ұлғайып, 2022 жылы 9,6 миллиард долларға жетті, бірақ 2023 жылы қайтадан төмендеу үрдісі байқалды.

2019 жылы мұнай-газ саласы жалпы инвестициялардың 50%-ын құрады. Алайда 2020 жылы бұл көрсеткіш 38%-ға дейін төмендеп, 2021 және 2022 жылдары 28% деңгейінде сақталды. 2023 жылы сектордың үлесі 24%-ға жуықтап, төмендеу үрдісі жалғасты. Бұл Қазақстан экономикасының әртараптану бағытын ұстанып, мұнай-газ секторынан бөлек, басқа салаларға да инвестиция тарту қарқынын арттырып жатқанын көрсетеді. 2-ші суретте 2023 жылғы мәліметтерге сәйкес, елдер бойынша тікелей шетелдік инвестициялардың (ТШИ) жалпы ағынының үлесі пайызбен берілген.



2-сурет. ТШИ-дың елдер бойынша жалпы ағыны %, 2023 ж.

Ескерту - [16-17] дереккөз негізінде авторлармен құрастырған

2023 жылғы көрсетілген мәліметтерге сәйкес, Қазақстанға ең көп инвестиция салған елдердің қатарында көшбасында Нидерланд, Ресей, Швейцария, Қытай, Оңтүстік Корея, АҚШ және Бельгия елдері бар. Сонымен қатар, басқа да мемлекеттердің үлесі едәуір жоғары. Нидерланд – 25,6% көрсеткішпен Қазақстанға шетелдік инвестиция салуда көшбасшы ел болып отыр. Бұл көрсеткіш негізінен Shell, Епі және басқа да еуропалық мұнай-газ компанияларының еліміздегі энергетикалық жобаларға қатысуымен байланысты. Қашаған, Қарашығанақ және Теңіз кен орындарын игеру осы инвестициялардың негізгі бағыты болып табылады. Ресей – 12,3% көрсеткіште Қазақстан экономикасына екінші ірі инвестор ретінде қалыптасты. «Лукойл», «Газпром», «Роснефть» секілді ресейлік энергетикалық алпауыттар мұнай-газ секторына қаржы құюда. Сонымен қатар, Қазақстан мен Ресей арасындағы экономикалық және сауда байланыстары да инвестициялық ағымды арттыруға ықпал етеді. Швейцария – 9,3% үлесі Қазақстандағы инвестицияларының басым көпшілігі тауар трейдингі мен қаржы салаларына бағытталған. Glencore сияқты ірі компаниялар Қазақстанның мұнай-газ және металлургия саласындағы

экспорттық әлеуетін дамытуда маңызды рөл атқарады. Қытай – 7,1% көлеміндегі инвестициялары мұнай-газ, инфрақұрылым мен өнеркәсіптік өндіріс салаларында айтарлықтай орын алады. CNPC (China National Petroleum Corporation) және басқа да қытайлық мемлекеттік компаниялар Қазақстанда бірнеше стратегиялық жобаларды іске асыруда. Сонымен қатар, Қытай Қазақстанмен энергетикалық серіктестікті күшейтіп, "Батыс Қытай – Батыс Еуропа" мұнай және газ құбырларын дамытуға қатысуда. Оңтүстік Корея – 5,0% көрсеткішпен Қазақстанға негізінен инновациялық технологиялар, көлік және логистика бағытында негізгі инвестицияларын салуда. Кореялық компаниялар өндіріс және машина жасау салаларында да белсенділік танытуда. АҚШ – 4,4% үлесі Қазақстанның мұнай-газ секторындағы маңызды стратегиялық серіктестерінің бірі. Chevron, ExxonMobil, ConocoPhillips сияқты ірі америкалық мұнай-газ компаниялары Теңіз және Қарашығанақ кен орындарын игеруге қаржы салып отыр. Бұл елдің инвестициялары көбінесе энергетика саласына бағытталғанымен, басқа салалардағы капитал салымдары да артуда. Бельгия – 4,3% көлемінде Қазақстан экономикасына негізінен қаржылық қызметтер мен өнеркәсіптік өндірісті инвестициялайды. Бельгиялық компаниялар көбінесе банк секторы мен логистика саласына қаржы құюда. Басқа елдер бойынша көрсеткіштер – 32% - Франция, Біріккен Араб Әмірліктері (БАӘ), Люксембург, Жапония, Түркия және басқа мемлекеттер Қазақстан экономикасына айтарлықтай инвестиция құйған. Бұл елдердің инвестициясы көбінесе әртүрлі салаларға бөлініп, әртараптандырылған сипатқа ие.

2020 жылдан бастап жер қойнауын пайдалану құқығын беру рәсімі толық автоматтандырылып, электрондық аукциондар арқылы жүзеге асырылуда. 2024 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша көмірсутегі шикізатына қатысты 315 келісімшарт жарамды болып отыр. Осы кезеңде өткізілген 9 электрондық аукцион барысында бюджетке шамамен 49,5 млрд теңге көлемінде бонустар төленіп, геологиялық барлауға \$443 млн инвестиция тартылды. Жер қойнауын пайдаланушылардың келісімшарттық міндеттемелерін орындау мәселесі де басты назарда. 2022 жылдан бері аукцион арқылы 52 шарт бұзылып, 9 келісімшарт бойынша 1,9 млрд теңге қаржы өндірілді. 2022 жылғы шарттық міндеттемелерді бұзғаны үшін 158 хабарлама жіберіліп, 5,6 млрд теңге көлемінде айыппұл өндірілді. Ал 2023 жылы жалпы сомасы 14 млрд теңгеге 141 хабарлама жолданды. Бүгінде өндірілген қаржы көлемі 2,4 млрд теңгеге жетті [18-19].

Қазақстанның мұнай-газ саласына шетелдік инвестиция тарту экономиканың тұрақты дамуы мен энергетикалық әлеуетін арттыруда маңызды рөл атқарады. Соңғы жылдары бұл салаға тартылған капитал көлемі тұрақты болғанымен, ғаламдық экономикалық өзгерістер, геосаяси факторлар мен нарықтық жағдайлар инвестициялық ағындарға әсер етуде.

Шетелдік инвестициялардың құрылымын талдау нәтижелері көрсеткендей, Қазақстанға қаржы салатын негізгі елдер – АҚШ, Қытай, Нидерланд, Оңтүстік Корея және Бельгия. Әсіресе, АҚШ-тың Chevron және ExxonMobil сияқты ірі мұнай-газ корпорациялары Теңіз және Қарашығанақ жобаларына белсенді түрде қаржы салуда. Сонымен қатар, Қытайдың CNPC секілді компаниялары инфрақұрылымдық жобалар мен мұнай өндіру секторына инвестиция салып, энергетикалық әріптестікті нығайтуда.

Мақаланы қорытындылай келе, мұнай-газ саласындағы шетелдік инвестицияларды тиімді тарту және басқару бағытында төмендегі нақты ұсыныстар әзірленді. Бұл ұсыныстар зерттеу барысында алынған эмпирикалық деректер мен салыстырмалы талдау нәтижелеріне негізделген және Қазақстанның инвестициялық саясатын жетілдіруге бағытталады.

Қазақстан экономикасының инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін шетелдік инвесторлар мүдделерін сенімді қорғауға бағытталған тұрақты құқықтық база қажет. Бұл ретте "Инвестициялар туралы" ҚР Заңына түзетулер енгізіп, келісім-шарттардың өзгермейтіндігі қағидасын (stabilization clause) заңды түрде бекіту ұсынылады.

Мұнай-газ саласында инвестицияларды басқару тиімділігін арттыру үшін "Kazakh Invest" және жер қойнауын пайдалануға рұқсат беретін уәкілетті органдардың қызметінде ашықтықты арттыру, рұқсат беру мерзімдерін цифрландыру және келісімдер рәсімдерін оңтайландыру қажет. Бұл ұсыныс ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі мен ҚР Цифрлық даму министрлігінің 2023 жылғы есептеріне негізделген.

Шетелдік капиталды тек көмірсутек өндіруге емес, мұнай өңдеу және мұнай-химия өндірісіне тарту мақсатында арнайы инвестициялық келісімдер жасау ұсынылады. Мысалы, Польшаның Orlen және

Оманның ОQ компаниялары тәжірибесіне ұқсас бірлескен жобалар үшін мемлекет тарапынан субсидия және өндірістік инфрақұрылымға қолжетімділік берілуі тиіс.

Ресей мен Қытай бағыттарынан тәуелділікті төмендету үшін Қазақстан Еуроодақ (ERIA), Парсы шығанағы елдері (Bahrain, UAE), және ASEAN аймағы елдерімен екіжақты инвестициялық келісімдер желісін кеңейтуі керек. Бұл бағытта ҚР СІМ мен "QazTrade" арасындағы үйлестіру қажет.

Қазақстан халықаралық инвестициялық ағындарға бейімделу үшін мұнай-газ жобаларында ESG (environmental, social, governance) стандарттарын енгізуі керек. Мысалы, жергілікті қамту, еңбек қауіпсіздігі және парниктік газдар шығарындыларын азайту бойынша көрсеткіштерді лицензиялық талаптарға енгізу ұсынылады.

Энергетикалық қауіпсіздік пен инвестициялық бейімделу мақсатында мұнай-газ секторындағы ірі компаниялар үшін жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша міндеттемелер енгізу ұсынылады. Бұл ұсыныс Норвегия мен Канада тәжірибесіне негізделіп отыр.

Жалпы, Қазақстанның мұнай-газ саласына шетелдік инвестициялар тартудың қазіргі жағдайы тұрақты сипатқа ие болғанымен, саланың ұзақ мерзімді дамуы үшін инвестициялық саясатты жетілдіру, инновациялық технологияларды енгізу және халықаралық әріптестік аясын кеңейту маңызды факторлар болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Hájek P. Foreign Investments in Priority Sector the Economy of Kazakhstan // *Asian Journal of Social Sciences and Humanities*. – 2019. – Vol. 5. – P. 10–17. – DOI: 10.26577/cajsh-2019-3-s2.
2. Orazgaliyev S., Akhmetzharov S. Kazakhstan's Economy and the Oil Sector: A Developmental State or Resource Curse Model? // In: *The Political Economy of Resource Governance*. – Singapore: Springer, 2020. – P. 15–50. – DOI: 10.1007/978-981-15-6899-2_2.
3. Demeuov N., Yesdauletova A. The Current State and Structure of Foreign Direct Investment in the Republic of Kazakhstan // *Economic Series of the Bulletin of the L.N. Gumilyov ENU*. – 2023. – № 1. – P. 34–45. – DOI: 10.32523/2789-4320-2023-1-34-45.
4. Temirbayev B., Zagal K., Akhmetzhanova S. Investment Climate of Kazakhstan: Trends of Change // *Kazakhstan-Spectrum*. – 2021. – № 4. – DOI: 10.52536/2415-8216.2021-4.05.
5. Gawad A., Muramall G. M. V. S. S. R. Foreign direct investment (FDI) and its effects on oil, gas, and refinery production and their exports: An applied study // *Journal of Economics and Sustainable Development*. – 2013. – № 4(1). – P. 21–35.
6. Pongsiri N. Foreign Direct Investment and Regulation: A Case Study of Thailand's Upstream Oil and Gas Industry // *OGEI – Oil, Gas & Energy Law Journal [Electronic source]* // [website]. – 2005. – URL: <https://www.ogel.org> (accessed: 20.03.2025).
7. Doskaliyeva B. B. Development of the System of Investment Support of Projects in the Industrial-Innovative Development of Kazakhstan // *International Journal of Environmental and Science Education*. – 2016. – P. 5109–5127.
8. Амангельдинова М. К., Сапарова Б. С., Шаяхметова Л. М. Қазақстан компаниялары инвестициялық қызметінің инновациялық әлеуетінің экономикалық тиімділігін бағалау // *Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы*. – 2024. – № 6(412). – Б. 319–337. – [Электрондық ресурс] // [web-сайт]. – URL: <http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/> (қаралған күні: 20.03.2025).
9. Отарбаева А. Б., Арупов А. А. Анализ влияния прямых иностранных инвестиций на развитие нефтегазовой отрасли Казахстана // *The Journal of Economic Research & Business Administration*. – 2020. – № 4(134). – С. 66–78. – [Электронный ресурс] // [web-сайт]. – URL: <https://be.kaznu.kz> (дата обращения: 20.03.2025).
10. Ahmadi M., Manera M., Sadeghzadeh M. The investment-uncertainty relationship in the oil and gas industry // *Resources Policy*. – 2019. – Vol. 63. – Art. No. 101439. – DOI: <https://doi.org/10.1016/j.resourpol.2019.101439>.
11. Bogmans Ch., Pescatori A., Prifti E. The impact of climate policy on oil and gas investment: Evidence

from firm-level data // *European Economic Review*. – 2024. – Vol. 165. – Art. No. 104750. – DOI: <https://doi.org/10.1016/j.euroecorev.2024.104750>.

12. Bond S., Van Reenen J. Microeconomic Models of Investment and Employment // In: *Handbook of Econometrics*. – 2007. – Vol. 6, Part A. – P. 4417–4498. – DOI: [https://doi.org/10.1016/S1573-4412\(07\)06065-5](https://doi.org/10.1016/S1573-4412(07)06065-5).

13. Курмангужин Р. С. Возможен ли новый этап сотрудничества Казахстана с Евросоюзом? – 2017. – [Электронный ресурс] // [web-сайт]. – URL: <https://almau.edu.kz/images/uploads/files/4bd74c1e76d9b11f275078dd1a8fa621.pdf> (дата обращения: 20.03.2025).

14. Zuoqian W., Zhe F., Xi C. H., Yong L. Global oil and gas development situation, trends and enlightenment in 2023 // *Petroleum Exploration and Development*. – 2024. – Vol. 51, Issue 6. – P. 1536–1555. – DOI: [https://doi.org/10.1016/S1876-3804\(25\)60558-1](https://doi.org/10.1016/S1876-3804(25)60558-1).

15. Kazakhstan's oilfields, disputes and settlements with oil majors // *Reuters*. – 2025. – [Electronic source] // [website]. – URL: <https://www.reuters.com/markets/asia/kazakhstans-oilfields-disputes-settlements-with-oil-majors-2025-01-28/> (accessed: 20.03.2025).

16. AIFC анықтамалығы. 2024 жылдың 3-тоқсаны. – [Электрондық ресурс] // [web-сайт]. – URL: <https://aifc.kz/> (қаралған күні: 20.03.2025).

17. Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросы. Мұнай және газ экспорттау статистикасы. – [Электрондық ресурс] // [web-сайт]. – URL: <https://stat.gov.kz> (қаралған күні: 20.03.2025).

18. Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы. – [Электрондық ресурс] // [web-сайт]. – URL: <https://primeminister.kz/> (қаралған күні: 20.03.2025).

19. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі. Қазақстандағы мұнай және газ өндіру туралы ресми есептер. – [Электрондық ресурс] // [web-сайт]. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/energo> (қаралған күні: 20.03.2025).

REFERENCES

1. Hájek, P. (2019). Foreign investments in priority sector the economy of Kazakhstan. *Asian Journal of Social Sciences and Humanities*, 5, 10–17. Retrieved May 27, 2025, from <https://doi.org/10.26577/cajsh-2019-3-s2>

2. Orazgaliyev, S., & Akhmetzharov, S. (2020). Kazakhstan's economy and the oil sector: A developmental state or resource curse model? In *The Political Economy of Resource Governance* (pp. 15–50). Singapore: Springer. Retrieved May 27, 2025, from https://doi.org/10.1007/978-981-15-6899-2_2

3. Demeuov, N., & Yesdauletova, A. (2023). The current state and structure of foreign direct investment in the Republic of Kazakhstan. *Economic Series of the Bulletin of the L.N. Gumilyov ENU*, 1, 34–45. Retrieved May 27, 2025, from <https://doi.org/10.32523/2789-4320-2023-1-34-45>

4. Temirbayev, B., Zagal, K., & Akhmetzhanova, S. (2021). Investment climate of Kazakhstan: Trends of change. *Kazakhstan-Spectrum*, 4. Retrieved May 27, 2025, from <https://doi.org/10.52536/2415-8216.2021-4.05>

5. Gawad, A., & Muramall, G. M. V. S. S. R. (2013). Foreign direct investment (FDI) and its effects on oil, gas, and refinery production and their exports: An applied study. *Journal of Economics and Sustainable Development*, 4(1), 21–35.

6. Pongsiri, N. (2005). Foreign direct investment and regulation: A case study of Thailand's upstream oil and gas industry. *OGEL - Oil, Gas & Energy Law Journal*. Retrieved March 20, 2025, from <https://www.ogel.org>

7. Doskaliyeva, B. B. (2016). Development of the system of investment support of projects in the industrial-innovative development of Kazakhstan. *International Journal of Environmental and Science Education*, 11(12), 5109–5127.

8. Amangeldinova, M. K., Saparova, B. S., & Shayakhmetova, L. M. (2024). Kazakhstan kompaniyalary investitsiyalyq qyzmetining innovatsiyalyq aleuetin ekonomycalyq tiimdiligini bagalau. *Kazakhstan Respublikasy Ulttyq Gylm Akademiyasynyn Khabarshysy*, 6(412), 319–337. Retrieved March 20, 2025, from <http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/> (in Kazakh)

9. Otalbaeva, A. B., & Arupov, A. A. (2020). Analiz vliyaniya pryamykh inostrannykh investitsiy na razvitiye neftegazovoy otrasli Kazakhstana. *The Journal of Economic Research & Business Administration*, 4(134), 66–78. Retrieved March 20, 2025, from <https://be.kaznu.kz> (in Russian)

10. Ahmadi, M., Manera, M., & Sadeghzadeh, M. (2019). The investment-uncertainty relationship in the oil and gas industry. *Resources Policy*, 63, 101439. Retrieved March 20, 2025, from <https://doi.org/10.1016/j.resourpol.2019.101439>
11. Bogmans, C., Pescatori, A., & Prifti, E. (2024). The impact of climate policy on oil and gas investment: Evidence from firm-level data. *European Economic Review*, 165, 104750. Retrieved March 20, 2025, from <https://doi.org/10.1016/j.euroecorev.2024.104750>
12. Bond, S., & Van Reenen, J. (2007). Microeconomic models of investment and employment. In *Handbook of Econometrics*, Volume 6A (pp. 4417–4498). Retrieved March 20, 2025, from [https://doi.org/10.1016/S1573-4412\(07\)06065-5](https://doi.org/10.1016/S1573-4412(07)06065-5)
13. Kurmanguzhin, R. S. (2017). Vozmozhen li novy etap sotrudnichestva Kazakhstana s Evrosoyuzom? Retrieved March 20, 2025, from <https://almai.edu.kz/images/uploads/files/4bd74c1e76d9b11f275078dd1a8fa621.pdf> (in Russian)
14. Zuoqian, W., Zhe, F., Xi, C. H., & Yong, L. (2024). Global oil and gas development situation, trends and enlightenment in 2023. *Petroleum Exploration and Development*, 51(6), 1536–1555. Retrieved March 20, 2025, from [https://doi.org/10.1016/S1876-3804\(25\)60558-1](https://doi.org/10.1016/S1876-3804(25)60558-1)
15. Kazakhstan's oilfields, disputes and settlements with oil majors. (2025, January 28). Reuters. Retrieved March 20, 2025, from <https://www.reuters.com/markets/asia/kazakhstans-oilfields-disputes-settlements-with-oil-majors-2025-01-28/>
16. AIFC anyktamalygy. (2024, 3-toqsan). Retrieved March 20, 2025, from <https://aifc.kz/> (in Kazakh)
17. Qazaqstan Respublikasy Ulttyq statistika byurosy. Munay zhane gaz eksporttau statistikasy [Elektrondyq resurs]. Retrieved March 20, 2025, from <https://stat.gov.kz> (in Kazakh)
18. Qazaqstan Respublikasy Premier-Ministrinin resmi aqparattyq resursy. Retrieved March 20, 2025, from <https://primeminister.kz/> (in Kazakh)
19. Qazaqstan Respublikasy Energetika ministrligi. Qazaqstandagy munay zhane gaz ondiru turaly resmi esepser [Elektrondyq resurs]. Retrieved March 20, 2025, from <https://www.gov.kz/memleket/entities/energo> (in Kazakh)

ГОСУДАРСТВЕННАЯ ПОЛИТИКА В СФЕРЕ ИНОСТРАННЫХ ИНВЕСТИЦИЙ В НЕФТЕГАЗОВОМ СЕКТОРЕ КАЗАХСТАНА: ЭФФЕКТИВНОСТЬ И ВЕКТОРЫ РАЗВИТИЯ

С. С. Ыдырыс¹, Ш. А. Жумадила^{2*}, Г. Р. Момбекова²

¹ Университет международного туризма и гостеприимства, Туркестан, Казахстан

² Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Ясави,
Туркестан, Казахстан

АННОТАЦИЯ

Цель исследования – оценка инвестиционной политики в нефтегазовом секторе Республики Казахстан и анализ текущего состояния привлечения иностранных инвестиций. Основная задача исследования заключается в оценке государственной политики по привлечению иностранных инвестиций в нефтегазовую отрасль и выявлении ключевых факторов, влияющих на данный процесс.

Методология – в ходе исследования был проведён экономический и институциональный анализ опыта привлечения иностранных инвестиций в нефтегазовый сектор Казахстана. В качестве эмпирической базы использовались официальные статистические данные Комитета по статистике Республики Казахстан и аналитические отчёты за 2010–2023 годы. В рамках сравнительного анализа были рассмотрены инвестиционные потоки между Казахстаном и странами, являющимися его основными инвесторами, включая Нидерланды, Россию, Швейцарию и другие государства. Также были проанализированы национальная законодательная база и механизмы государственного регулирования, оказывающие влияние на

приток иностранных инвестиций. По итогам исследования разработаны конкретные предложения, направленные на эффективное управление иностранными инвестициями в нефтегазовой отрасли.

Уникальность/ценность исследования – исследование основано на оценке текущего состояния иностранных инвестиций в нефтегазовую отрасль Казахстана, определении их динамики и анализе влияния иностранного капитала на стратегически важную отрасль национальной экономики. В статье рассматривается реальная динамика иностранных инвестиций за 2019–2023 годы, проводится оценка структуры и трансформации инвестиционной политики в нефтегазовом секторе. Особое внимание уделено экономическому влиянию ведущих инвесторов – США, Китая, Нидерландов, Южной Кореи и Бельгии – на развитие отрасли.

Результаты исследования – выводы и рекомендации могут быть использованы при разработке мер по стабилизации и диверсификации притока иностранных инвестиций, совершенствованию институциональных реформ, а также формированию стимулов для вложений в нефтехимический и перерабатывающий секторы. Несмотря на относительную стабильность объёмов иностранных инвестиций в нефтегазовую отрасль Казахстана, в последние годы наблюдается тенденция к снижению. Это обусловлено изменениями на глобальном энергетическом рынке и усложнением инвестиционного климата. В статье предложены конкретные меры, направленные на преодоление указанных вызовов.

Ключевые слова: Казахстан, нефтегазовая отрасль, иностранные инвестиции, экономическое развитие, энергетическая безопасность, государственная политика.

STATE POLICY IN THE FIELD OF FOREIGN INVESTMENT IN KAZAKHSTAN'S OIL AND GAS SECTOR: EFFECTIVENESS AND DEVELOPMENT VECTORS

S. S. Ydyrys¹, Sh. A. Zhumadilla^{2*}, G. R. Mombekova²

¹International University of Tourism and Hospitality, Turkestan, Kazakhstan

²Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan

ABSTRACT

Purpose of the study – The main objective of this study is to assess the investment policy in the oil and gas sector of the Republic of Kazakhstan and to analyze the current state of foreign investment inflows. The study aims to evaluate the effectiveness of state policy in attracting foreign direct investment (FDI) into the oil and gas industry and to identify the key factors influencing this process.

Methodology – The study employs economic and institutional analysis to examine the experience of attracting FDI into Kazakhstan's oil and gas sector. Empirical data were drawn from official statistics of the Bureau of National Statistics of the Republic of Kazakhstan and research reports covering the period from 2010 to 2023. Within the framework of comparative analysis, investment flows from Kazakhstan's major investing countries—such as the Netherlands, Russia, Switzerland, and others—were examined. In addition, the national legal framework and mechanisms of state regulation were analyzed in terms of their influence on FDI dynamics. Based on the findings, the study proposes practical recommendations for improving the management of foreign investments in the oil and gas sector.

Originality / value of the study – The research is distinguished by its comprehensive assessment of the current state and trends of FDI in Kazakhstan's oil and gas sector, as well as an evaluation of the impact of foreign capital on a strategically important segment of the national economy. The article examines the actual investment dynamics during 2019–2023 and analyzes the structure and transformation of Kazakhstan's investment policy in the oil and gas sector. Particular attention is given to the economic influence of key investor countries such as the United States, China, the Netherlands, South Korea, and Belgium.

Research Results – The findings may be applied to the development of measures aimed at stabilizing and diversifying foreign investment inflows, enhancing institutional reforms, and stimulating investment in the petrochemical and refining sectors. Although the volume of FDI in Kazakhstan's oil and gas sector remains

relatively stable, recent years have shown a downward trend due to global market fluctuations and a more complex investment climate. The article presents specific policy proposals to address these challenges.

Keywords: Kazakhstan, oil and gas sector, foreign direct investment, economic development, energy security, state policy.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ

Ыдырыс Серікбай Садуақасұлы – экономика ғылымдарының докторы, профессор; «Қонақжайлылық» мектебінің профессоры; Халықаралық туризм және меймандостық университеті; 161200, Рабиға Бегім көшесі 14А, Түркістан қ., Қазақстан; e-mail: serikbay-s@mail.ru ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0593-1990>

Жұмаділла Шолпан Абибуллақызы – PhD докторанты, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ, Қазақстан; Телефон номері: E-mail: sholpan.zhumadilla@gmail.com ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-7525-327X> *

Момбекова Гүлмира Райбековна – PhD, қауымдастырылған профессор; Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті; 161200, Б.Саттарханов даңғ., 29, Түркістан қ., Қазақстан; Түркістан қаласы; e-mail: gulmira.mombekova@ayu.edu.kz ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8175-5987>